

**Павлодар қаласының №48 санаторлық  
сәбилер бақшасы КМҚК  
ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ МЕН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

Өзін-өзі бағалаудың аналитикалық материалдары негізінде анықталады:

1. Санаторлық сәбилер бақшасы штаттық кестеге сәйкес педагогикалық кадрлар 100% қамтылған. Педагогикалық кадрлардың курстардан өткен және біліктіліктерді арттырудың перспективтік жоспары бар. Барлық педагогтар біліктерді арттыру курсытарынан 100% өтті. Тәрбиешілер арасында мектепке дейінгі жоғары білімі бар - 5(24%), мектепке дейінгі арнайы орта білімі бар - 4(19%) және бірінші диплом бойынша мектепке дейінгі арнайы орта білімі бар - 8(38%). Бұл тәрбиешілер жалпы 21 болса, 17 тәрбиешіде мектепке дейінгі білімі бар, 17 (81%) құрайды.

2. Санаторлық сәбилер бақшасының зияткерлік және инновациялық әлеуетін дамыту үшін жасалған жағдайлар тәрбие-білім беру процесінің тұтастығын толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және баланың жан-жақты, толыққанды дамуына кепілдік береді. Балалар мен логопед және педагог-психолог психологиялық-педагогикалық қолдау береді.

3. Санаторлық сәбилер бақшасында әр түрлі іс-әрекеттегі балалардың танымдық және сөйлеу дамуын ынталандыратын, баланың үйлесімді дамуына ықпал ететін пәндік кеңістік даму ортасы құрылды. Оқу-тәрбие процесі дидактикалық және ойын материалымен жабдықталған. Барлық жас топтарындағы жиһаз өсу көрсеткіштері бойынша таңдалады және санитарлық талаптарға сәйкес орналасқан.

4. Жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдастырылған оқу – қызметі кестелері әрбір білім беру жылына арналған Білім берудің барлық деңгейлерінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының іске асырылуын қамтамасыз етеді.

5. Тәрбиеленушілердің біліктерімен дағдыларының қалыптасу деңгейі МЖМБС дағдылары мен дағдыларының тізіміне сәйкес келеді.

6. Халықаралық және Республикалық деңгейдегі конкурстарға қатысушылар (педагогтармен тәрбиеленушілер) саны артты.

**Мектепке дейінгі ұйымның даму перспективалары:**

I. Педагогтардың кәсіби деңгейлерін жоғарлату:

1. 2022-2027 жылдары педагогтардың «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандықтары бойынша білім алуларын жоспарлау -20% (4 педагог).

2. Педагогтардың одан әрі кәсіби өсуі үшін қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейлердегі оффлайн іс-шараларға педагогтар мен тәрбиеленушілердің қатысуын жандандыруды жалғастыру.

3. Әр түрлі педагогикалық іс-шаралар мен жұмыс түрлерін (Педагогикалық кеңес, тринг, мастер-класс, дөңгелек үстел, шығармашылық зертханалар, іскерлік ойындар, пікір таластар) ұйымдастыру арқылы педагогтардың кәсіби өсуін жетілдіру.

#### 4. Озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және ұсыну.

##### *II. Білім беру және тәрбиелеу сапасын жоғарлату:*

1. Жобалық іс-әрекет ( зияткерлік және шығармашылық жобалар) арқылы танымдық және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған педагогтердің, балалардың бірлескен іс-әрекеті үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

2. Оқу – тәрбие үдерісін ұйымдастыруға балалардың танымдық және сөйлеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін жаңа заманауи инновациялық технологиялар мен әдістемелерді енгізу.

##### *III. Инклюзивті білім беру бойынша жұмыс жүйесін ұйымдастыру және жағдай жасау:*

1. Белсенді жұмыс түрлері арқылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту және тәрбиелеу бойынша педагогтар мен ата-аналардың психологиялық-педагогикалық мәдинетінің деңгейін арттыру.

2. Педагогтардың инклюзивті білім беру бойынша курстардан өтуін перспективалық жоспарға енгізу.

##### *IV. Тәрбиеленушілердің салауатты өмір салтының мәдинетін қалыптастыру.*

1. Спорттық мерекелер мен бос уақытты өткізу, дәстүрлі емес жұмыс түрлері (спорттық білім беру демалыстары, газеттер және т.б) арқылы балалардың денсаулығын сақтау және сауықтыру.

2. Денсаулық–суық тию аурулардың санын, бір ауруға ауру күндерінің азайуы, қайталанатын аурулардың жиілігін төмендету.

3. Әр баланың жеке басын есепке алуға бағытталған денсаулық сақтау технологиялары мен әдістерін жетілдіру. Интерактивтік ақпараттық құралдарын толықтыру.

4. Ойын, жаттығу және оқыту элементтерін біріктіре отырып, әр түрлі іс-шараларда балалардың қозғалыс режимін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын қолдану.

##### *V. Отбасымен балабақшаның жалпы адамгершілік құндылықтарды, патриотизм мен төзімділіктің тәрбиелеудегі рөлдерін жоғарлату.*

1. «Рухани жаңғыру», «Мәңгілік Ел» азаматтық-патриоттық жобаларын іске асыру арқылы балалардың әлеуметтік құзыреттілік деңгейін арттыру.

2. Өнер мектептері қала мұражайлары ынтымақтастық ұйымдастыру.

##### *VI. Материалдық-техникалық базаны бекіту және пәндік – кеңістік ортасын жетілдіру.*

Балалардың қызығушылығын, қабілеттерін және даму қарқынын ескере отырып, пәндік-ойын кеңістігін ұйымдастыруды жетілдіру.

#### **Шешімі:**

1. Санаторлық сәбилер бақшасы штаттық кестеге сәйкес 100% педагогикалық кадрлармен қамтылған.

17 педагогта - 81% «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»

мамандығы бойынша білімдері бар.

**Өзін-өзі бағалау «zhaqsy»**

2.Материалдық- техникалық базаның жағдайы педагогикалық талаптар мен санитарлық нормаларға сәйкес келеді. Топтық үй – жайлардағы пәндік-кеңістік дамытушы орта «Денсаулық», «Таным», «Коммуникация», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын интеграциялау қағидатын ескере отырып, үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес қауіпсіздік техникасын, санитариялық-гигиеналық, психологиялық-педагогикалық, эстетикалық талаптар мен гендерлік тәсілді сақтай отырып құрылған.

**Өзін-өзі бағалау «uzdik»**

3.Санаторлық сәбилер бақшасының оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес келеді.

4.Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының қалыптасу деңгейі МЖМБС дағдылары мен дағдыларының тізіміне сәйкес келеді.

**Өзін-өзі бағалау «uzdik»**

5.Халықаралық және Республикалық деңгейдегі конкурстарға қатысушылар (педагогтармен тәрбиеленушілер) саны артты.

**Өзін-өзі бағалау «zhaqsy»**

Өзін –өзі бағалаудың аналитикалық материалдарының негізінде комиссия балабақшадағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру ҚР БЖТ МЖБС -«uzdik» бағалауға сәйкес келеді деген қорытындыға келді.

**Павлодар қаласының №48 санаторлық  
сәбилер бақшасы КМҚК  
басшысы:**



**А.Т.Казыбаева**